

**"Бюджеттік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы № 495 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 6 қыркүйектегі № 972 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 12 қыркүйекте № 19367 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 9 маусымдағы № 290 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 09.06.2025 № 290 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Бюджеттік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы № 495 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5962 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде 2010 жылы № 2, 368-құжат жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бюджеттік есепке алуды жүргізу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (бұдан әрі – Бюджет кодексі) сәйкес әзірленді және республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бюджеттік есепке алуды жүргізудің тәртібін анықтайды.

Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдар және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары (бұдан әрі – бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдар) осы Қағидаларға сәйкес бюджеттік есепке алуды жүргізуді жүзеге асырады.

Бюджеттік есепке алу – бірыңғай қазынашылық шоттан (бұдан әрі – БҚШ) және мемлекеттік мекемелердің шоттарының операциялары, Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасымен реттелген Қазақстан Республикасы

Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың талаптары мен міндеттемелері туралы ақшалай мәндегі ақпаратты жинаудың, тіркеудің және қорытудың реттелген жүйесі.

Бірыңғай қазынашылық шот қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы (бұдан әрі – ҚБШ) ақша қалдықтарын қамтиды.

Бюджеттік есепке алу шоттар жоспарына сәйкес операциялар қосарланған жазба тәсілімен шоттарда көрсетілетін кассалық негізде жүзеге асырылатын бюджеттерді атқаруды есепке алу болып табылады. Бюджеттік есепке алу Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жүргізіледі.

Бюджеттік есепке алу бюджет түсімдерін, бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламалар) іске асыруды қамтамасыз ету, бюджет тапшылығын қаржыландыру (бюджет профицитін пайдалану) жөніндегі шаралар кешенін орындаумен және республикалық және жергілікті бюджеттерге түсімдерді есепке алу және республикалық және жергілікті бюджеттерден шығыстарын жүргізумен байланысты операцияларды есепке алуға арналған ҚБШ ақша қаражаттарының қозғалысымен байланысты барлық операцияларды қамтиды және бюджеттің атқарылуы кезіндегі оның жай-күйін сипаттауды қамтамасыз етеді.

Бюджеттік есепке алу деректері бюджеттің атқарылуы жөніндегі есептілік жасаудың негізі болып табылады.

Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның басшысы бюджеттік есепке алуды дұрыс жүргізу үшін қажетті жағдайлар жасайды, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның бюджеттік есепке алудың құрылымдық бөлімшелерінің осы Қағидаларда көзделген талаптардың бюджетті атқару жөніндегі бюджеттік есепке алуды жүргізу, құжаттарды және мәліметтерді есепке алу үшін ресімдеу және беру тәртібі бөлігінде орындалуын қамтамасыз етеді және ол үшін Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген тәртіпте жауап береді.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Бюджеттердің атқарылуы жөніндегі операцияларды есепке алу мынадай есепке алу тіркелімдерінде жүргізіледі:

осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Бас-журнал" кітабы;

осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Бірыңғай қазынашылық шоты бойынша мемориалдық ордер;

осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Мемориалдық ордер;

осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шоттардың толық жазылуы (ақылы қызметтердің, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастырудың, нысаналық қаржыландыру, жергілікті өзін-өзі басқару, сыртқы

қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастау, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (бұдан әрі – Ұлттық қор), Жәбірленушілерге өтемақы қорының, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу үшін республикалық бюджеттен әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына трансферттердің (бұдан әрі – ӘМСҚ трансферттері), Еуразиялық экономикалық одақтың ҚБШ, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарын, мемлекеттік сатып алу шоттарын, соманы анықтауға дейінгі шотты, бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шотын есепке алуға арналған);

осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша БҚШ-тан салымдарға (депозиттерге) орналастырылған сомалардың толық жазылуы;

осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Жергілікті бюджеттерден депозиттерге орналастырылған сомалардың толық жазылуы;

осы Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Бюджеттердің түсімдері мен шығыстары бойынша сомалардың толық жазылуы;

осы Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес № 1 нысан бойынша Қазынашылық комитетінің балансы;

осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес № 1-М нысан бойынша Жергілікті бюджеттің атқарылу балансы;

осы Қағидалардың 10-қосымшасына сәйкес № 2 нысан бойынша Бірыңғай қазынашылық шоттағы ақша қозғалысы туралы есеп;

осы Қағидалардың 12-қосымшасына сәйкес № 3 нысан бойынша Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыш, мемлекеттің кепілгерлері бойынша қарыздары туралы есеп;

осы Қағидалардың 14-қосымшасына сәйкес № 5 нысан бойынша Мемлекеттік сыртқы қарыздар және байланысты гранттар бойынша есеп;

осы Қағидалардың 15-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдар резервтерінің жұмсалуды жөніндегі ақпарат;

осы Қағидалардың 16-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік мекемелердің аккредитивтер сомаларын есепке алу үшін шоттарындағы қалдықтар туралы мәліметтер;

осы Қағидалардың 17-қосымшасына сәйкес № 6 нысан бойынша шетел валютасы шоты бойынша операциялық күннің жабылуы туралы есеп;

осы Қағидалардың 18-қосымшасына сәйкес № 2-М нысан бойынша жергілікті бюджеттің ақша қозғалысы туралы есеп;

осы Қағидалардың 19-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Шетел валютасы түрлері бойынша шоттардың толық жазылуы;

осы Қағидалардың 20-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Қазынашылықтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – ҚБАЖ) операциялық күннің жабылуы туралы есеп;

осы Қағидалардың 21-қосымшасына сәйкес нысан бойынша инвестициялық жобалар шегінде сыртқы қарыздар және байланысты гранттардың жұмсалуды жөніндегі ақпарат;

осы Қағидалардың 23-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Бірыңғай қазынашылық шоттан Ұлттық банкіне орналастырылған уақытша бос бюджеттік қаражаттар (депозиттер) бойынша анықтаманы есепке алу;

осы Қағидалардың 27-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бюджеттен берілген кредит бойынша ақпарат.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. "Бас-журнал" кітабында бюджеттердің атқарылуының бюджеттік есепке алудың қосалқы шоттары бойынша хронологиялық және жүйелік жазбалары біріктіріледі.

Жаңа қаржы жылына арналған кітапты ашу кезінде бірінші жол бойынша өткен жылғы қосалқы шоттар бойынша қалдықтар сомасы жазылады. Баланс активінің сомалары дебетке, ал пассив сомалары - кітаптың тиісті қосалқы шоттарының кредитіне жазылады.

Жекелеген қосалқы шоттар бойынша жылдың басындағы қалдықтар талдамалы есепке алу тіркелімдерінде жылдың басындағы жазбаларға сәйкес келуі тиіс.

"Бас-журнал" кітабына жазбалар мемориалдық ордердің және оны толтыруға негіз болып табылатын, оған қоса берілген құжаттардың негізінде жүргізіледі.

"Бас-журнал" кітабында бір айдағы айналымдардың жалпы қорытындысы есептеледі және барлық қосалқы шоттар бойынша келесі айдың басындағы дебет немесе кредит қалдықтары шығарылады.";

"Бас-журнал" кітабында шығарылған қосалқы шоттар бойынша сомалар негізінде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның басшысы мен бюджеттік есепке алу жөніндегі құрылымдық бөлімшенің басшысы қол қоятын ағымдағы қаржы жылының 1 шілдедегі және есептіден кейінгі жылдың 1 қаңтардағы жағдай бойынша баланс жасалады.

Алдағы жылға арналған есепке алу тіркелімдері ағымдағы қаржы жылының 31 желтоқсанынан кешіктірілмей дайындалады.

Қазынашылық комитетінің балансы БҚШ, республикалық және жергілікті бюджеттердің ҚБШ, сыртқы қарыздар шотындағы, ақылы қызметтердің, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастыру, нысаналы қаржыландыру, жергілікті өзін-өзі басқару, сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастау, Ұлттық қордың, Жәбірленушілерге өтемақы қорының

, ӘМСҚ трансферттердің ҚБШ, Еуразиялық экономикалық одақтың шотындағы, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарындағы, мемлекеттік сатып алу шоттарындағы, шетел валютасының шоттарындағы, соманы анықтауға дейінгі шоттардағы, бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шотындағы, есеп айырысулардағы ақша бойынша, жергілікті бюджет жетіспеушіліктері бойынша (бұдан әрі – ЖБ), Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) салымдарына (депозиттеріне) орналастыру бойынша шоттардағы қалдықтарын көрсетеді.

Жергілікті бюджеттерін атқарылу балансы тиісті жергілікті бюджеттердің ҚБШ, ақылы қызметтердің, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастырудың тиісті ҚБШ, ЖБ жетіспеушіліктері бойынша, Ұлттық Банк салымдарына (депозиттеріне) орналастыру бойынша шоттардағы, сыртқы қарыздар бойынша шоттағы және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарындағы, мемлекеттік сатып алу шоттарындағы, жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ ақшаның қалдықтарын көрсетеді.

Баланс жасалғанға дейін синтетикалық есепке алу шоттары бойынша айналымдармен және қалдықтармен бірге талдамалы шоттар бойынша айналымдар мен қалдықтарды салыстырып тексеру жүргізіледі.

№ 2 нысан бойынша БҚШ-ғы ақша қозғалысы туралы есепте есепті кезеңдегі ақша түсімдері мен шығындары көрсетіле отырып, ақшаның жыл басындағы және есепті кезеннің соңындағы қалдықтары көрсетіледі.";

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. 3 "Қолма-қол ақшаны бақылау шоттары және ұлттық валютадағы басқа шоттар" шотында ұлттық валютадағы республикалық бюджет (бұдан әрі – РБ) және жергілікті бюджеттер ҚБШ, сыртқы қарыздар бойынша шоттарда, ақылы қызметтердің қайырымдылық көмек, ақшаларды уақытша орналастыру, Ұлттық қор, Жәбірленушілерге өтемақы қоры, ӘМСҚ трансферттердің, нысаналы қаржыландыру, жергілікті өзін-өзі басқару, сыртқы қарыз немесе байланысты грантты қайта айырбастау ҚБШ, анықтағанға дейінгі сомалар шотында, Еуразиялық экономикалық одақ, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарында, мемлекеттік сатып алу шоттарында, бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шотында, сондай-ақ Ұлттық банктегі салымдарға (депозиттерге) жергілікті бюджеттердің тартылған ақшалары есепке алынады.

3-шот мынадай қосалқы шоттарға бөлінеді:

300 "РБ ҚБШ";

301 "ЖБ ҚБШ";

302 "Сыртқы қарыздар бойынша шот";

303 "Еуразиялық экономикалық одақтың шоты";

- 304 "РБ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоты";
- 305 "ЖБ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоты";
- 306 "Жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ";
- 307 "Сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастау ҚБШ";
- 308 "Мемлекеттік сатып алу шоты";
- 309 "ӘМСҚ трансферттердің ҚБШ";
- 310 "РБ ақылы қызметтерінің ҚБШ";
- 311 "ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ";
- 320 "РБ қайырымдылық көмектің ҚБШ";
- 321 "ЖБ қайырымдылық көмектің ҚБШ";
- 330 "РБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ";
- 331 "ЖБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ";
- 340 "Ұлттық қордың ҚБШ";
- 350 "Нысаналы қаржыландыру ҚБШ";
- 360 "Соманы анықтауға дейінгі шот";
- 370 "Жәбірленушілерге өтемақы қорының ҚБШ";
- 371 "Бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шоты";
- 380 "ЖБ ҚБШ қаражатты тартуға арналған шот";
- 390 "Түсімдердің жинақтау шоттары".

мынадай мазмұндағы 36-2-тармақпен толықтырылсын:

"36-2. 371 "Бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шоты" қосалқы шотында Бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шотындағы ақша қозғалысы есепке алынады.

Бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шотындағы ақша түсімі 371 қосалқы шоттың дебеті және 600 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шотынан аудару 390 дебеті және 371 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.";

52-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"52-1. 6 "Түсімдер" шотында республикалық және жергілікті бюджеттердің ҚБШ-дағы, сыртқы қарыздар бойынша шоттардағы, ақылы қызметтер, қайырымдылық көмек, ақшаны уақытша орналастыру, жергілікті өзін-өзі басқару, сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастау, Ұлттық қор, Жәбірленушілерге өтемақы қорының, ӘМСҚ трансферттердің, нысаналы қаржыландыру, Еуразиялық экономикалық одағының ҚБШ-дағы, анықталғанға дейінгі сомалар, бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шотындағы, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарындағы және мемлекеттік сатып алу шоттарындағы түсімдер бойынша операциялар есепке алынады.

6 шот мынадай қосалқы шоттарға бөлінеді:

600 "Түсімдерді есепке алу";

601 "ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ-на түсімдерді есепке алу";

602 "ЖБ қайырымдылық көмектің ҚБШ-на түсімдерді есепке алу";

603 "ЖБ ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ-на түсімдерді есепке алу";

604 "Жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ-на түсімдерді есепке алу";

610 "Сыртқы қарыздар бойынша түсімдерді есепке алу".

600 "Түсімдерді есепке алу" қосалқы шотында Қазынашылық комитеті республикалық және жергілікті бюджеттердің ҚБШ-дағы, ақылы қызметтер қайырымдылық көмек, ақшаны уақытша орналастыру, өзін-өзі басқару, сыртқы қарыз немесе байланысты грантты, Ұлттық қор, Жәбірленушілерге өтемақы қорының, ӘМСҚ трансферттердің, нысаналы қаржыландыру, Еуразиялық экономикалық одағының ҚБШ-дағы, анықталғанға дейінгі сомалар, бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шотындағы, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарындағы және мемлекеттік сатып алу шоттарындағы түсімдер есепке алынады.

БҚШ бойынша жүргізілген түсімдер 600 қосалқы шотының дебеті және 100 "Бірыңғай қазынашылық шоты" қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар:

600 "Түсімдерді есепке алу" қосалқы шотында - жергілікті бюджеттің ҚБШ-на және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарына және мемлекеттік сатып алу шоттарына түсімдерді;

601 "ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ-на түсімдерді есепке алу";

602 "ЖБ қайырымдылық көмектің ҚБШ-на түсімдерді есепке алу";

603 "ЖБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ-на түсімдерді есепке алу";

604 "Жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ-на түсімдерді есепке алу";

610 "Сыртқы қарыздар бойынша түсімдерді есепке алу" есепке алады.

Сыртқы қарыздар бойынша жүргізілген түсімдер 302 "Сыртқы қарыздар бойынша шот" қосалқы шотының дебеті және 610 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.";

көрсетілген Қағидаларға 4, 8, 10, 20, 24 және 25-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5 және 6-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті (З.А. Ерназарова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің Бірінші Орынбасары-  
Қаржы министрі

А. Смаилов

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
Бірінші орынбасары -  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2019 жылғы 6 қыркүйектегі  
№ 972 бұйрығына  
1-қосымша  
Бюджеттік есепке алуды  
жүргізу қағидаларына  
4-қосымша  
нысан

Қолма-қол ақпаны бақылау шоттардың толық жазылуы 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ "

—

(уәкілетті органның атауы)

Бюджет түрі:

Өлшем бірлігі: мың теңге

Операция мазмұны	ҚБШ				ҚБШ			
	Жыл басынан бастап		оның ішінде ағымдағы күндерге		Жыл басынан бастап		оның ішінде ағымдағы күндерге	
	дебет	кредит	дебет	кредит	дебет	кредит	дебет	кредит

Жылдың басындағы қаражаттар қалдығы

Есепті күндегі қаражаттар қалдығы

ҚБШ				шоты			
Жыл басынан бастап		оның ішінде ағымдағы күндерге		Жыл басынан бастап		оның ішінде ағымдағы күндерге	
дебет	кредит	дебет	кредит	дебет	кредит	дебет	кредит

Жылдың басындағы қаражаттар қалдығы

Есепті күндегі қаражаттар қалдығы

Ескертпе:

аббревиатуралардың толық жазылуы:



ҚБШ - қолма-қол ақшаны бақылау шоты.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
Бірінші орынбасары -  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2019 жылғы 6 қыркүйектегі  
№ 972 бұйрығына  
2-қосымша  
Бюджеттік есепке алуды  
жүргізу қағидаларына  
8-қосымша  
№ 1 нысан

Қазынашылық комитетінің балансы 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Өлшем бірлігі: мың теңге

Актив	Жолдың коды	Есепті жылдың басындағы	Есепті күнге
1	2	3	4
I. Қолма-қол ақшаны бақылау шоттары және ұлттық валютадағы басқа шоттар			
РБ ҚБШ (300)	1		
ЖБ ҚБШ (301)	2		
Сыртқы қарыздар бойынша шот (302)	3		
Еуразиялық экономикалық одақтың шоты (303)	4		
РБ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоты (304)	5		
ЖБ квазимемлекеттік секторы субъектілерінің шоты (305)	6		
Жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ (306)	7		
Сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастау ҚБШ (307)	8		
Мемлекеттік сатып алу шоты (308)	9		
ӘМСҚ трансферттерінің ҚБШ (309)	10		
РБ ақылы қызметтерінің ҚБШ (310)	11		

ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ (311)	12		
РБ қайырымдылық көмектің ҚБШ (320)	13		
ЖБ қайырымдылық көмектің ҚБШ (321)	14		
РБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ (330)	15		
ЖБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ (331)	16		
Ұлттық қордың ҚБШ (340)	17		
Нысаналы қаржыландыру ҚБШ (350)	18		
Соманы анықтауға дейінгі шот (360)	19		
Жәбірленушілерге өтемақы қорының ҚБШ (370)	20		
Бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шоты (371)	21		
ЖБ ҚБШ қаражатты тартуға арналған шот (380)	22		
Түсімдердің жинақтау шоттары (390)	23		
II. Шетел валютасындағы шоттар			
Мемлекет меншігіне түсетін түсімдер шоты (400)	24		
Аумақтық қазынашылық органдарының шоты (410)	25		
ЕАЭО туралы шарт шеңберіндегі түсімдер шоты (420)	26		
Шетел валютасындағы басқа да шоттар (430)	27		
Сыртқы қарыз немесе байланысты грант шоты (440)	28		
III. Есептер			
Шығыстарды жүргізу (500)	29		

Сыртқы қарыздар бойынша шығыстарды жүргізу (510)	30		
ЖБ қаражатын орналастыру жөніндегі есептер (520)	31		
ЖБ жетіспеушіліктері бойынша есептер (530)	32		
Баланс	33		
Пассив	Жол коды	Есепті жылдың басындағы	Есепті күнге
1	2	3	4
I. Ақшалай қаражаттар			
Бірыңғай қазынашылық шот (100)	34		
Есеп айырысудағы ақша (110)	35		
Шетел валюталарының түрлері бойынша корреспонденттік шоттар (120)	36		
II. ҚР Ұлттық банкінде орналастырылған қаражат			
БҚШ орналастырған ҚР ҰБ салымдар (депозиттер) (210)	37		
ЖБ ҚБШ орналастырған ҚР ҰБ салымдар (депозиттер) (220)	38		
III. Түсімдер			
Түсімдерді есепке алу (600)	39		
Сыртқы қарыздар бойынша түсімдерді есепке алу (610)	40		
IV. Нәтижелер			
Бюджеттің атқарылу нәтижесі (900)	41		
Сыртқы қарыздар бойынша атқарылу нәтижесі (910)	42		
Баланс	43		
Баланстан тыс шоттар			
Бюджеттік кредиттер (013)	44		

Бюджеттік кредиттер бойынша субъектілердің берешегі (014)	45		
Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыш, мемлекеттің кепілгерлігі бойынша міндеттемелер (015)	46		
Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резерві (018)	47		
Аккредитивтер (019)	48		

Бюджетті атқару жөніндегі  
уәкілетті органның басшысы \_\_\_\_\_

(қолы) (қолды таратып жазу)

Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның  
бюджеттік есепке алу бойынша  
құрылымдық бөлімшесінің басшысы \_\_\_\_\_

(қолы) (қолды таратып жазу)

Ескертпе:

аббревиатуралардың толық жазылуы:

ҚБШ - қолма-қол ақшаны бақылау шоты;

РБ - республикалық бюджет;

ЖБ - жергілікті бюджет;

ӘМСҚ - әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры;

ЕАЭО - Еуразиялық экономикалық одағы;

ҚР ҰБ - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
Бірінші орынбасары -  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2019 жылғы 6 қыркүйектегі  
№ 972 бұйрығына  
3-қосымша  
Бюджеттік есепке алуды  
жүргізу қағидаларына  
10-қосымша  
№ 2 нысан

**Бірыңғай қазынашылық шоттағы ақша қозғалысы туралы есеп 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ "**

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(уәкілетті органның атауы)

Өлшем бірлігі: мың теңге

	Жол коды	Сомасы
1	2	3
Жыл басындағы ақша қалдығы	100	
Ақша түсімі - барлығы (201-217-жолдардың сомалары):	200	
РБ ҚБШ	201	
ЖБ ҚБШ	202	
РБ, ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ	203	
РБ, ЖБ қайырымдылық көмек ҚБШ	204	
РБ, ЖБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ	205	
Жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ	206	
РБ сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастау ҚБШ	207	
ҚР ҰБ орналастырылған қаражат	208	
Ұлттық қордың ҚБШ	209	
Жәбірленушілерге өтемақы қорының ҚБШ	210	
Нысаналы қаржыландыру ҚБШ	211	
Еуразиялық экономикалық одақтың шоты	212	
Анықтауға дейінгі сомалар шоты	213	
РБ, ЖБ квазимемлекеттік секторы субъектілерінің шоты	214	
Мемлекеттік сатып алу шоты	215	
ӘМСҚ трансферттерінің ҚБШ	216	
Бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шоты	217	
Есеп айырысудағы ақша	300	
ЖБ жетіспеушіліктері бойынша есеп айырысулар	400	
Ақша шығысы - барлығы (501-517-жолдың сомалары):	500	
РБ ҚБШ	501	
ЖБ ҚБШ	502	
РБ, ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ	503	
РБ, ЖБ қайырымдылық көмектің ҚБШ	504	
РБ, ЖБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ	505	

Жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ	506	
Сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастау ҚБШ	507	
ҚР ҰБ орналастырылған қаражат	508	
Ұлттық қордың ҚБШ	509	
Жәбірленушілерге өтемақы қорының ҚБШ	510	
Нысаналы қаржыландыру ҚБШ	511	
Еуразиялық экономикалық одақтың шоты	512	
Анықтауға дейінгі сомалар шоты	513	
РБ, ЖБ квазимемлекеттік секторы субъектілерінің шоты	514	
Мемлекеттік сатып алу шоты	515	
ӘМСҚ трансферттерінің ҚБШ	516	
Бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шоты	517	
Есеп айырысудағы ақшалар	600	
ЖБ жетіспеушіліктері бойынша есеп айырысулар	700	
Кезеңнің сонындағы ақша қалдығы (100 жол+200 жол+300, 400 жолдар-500 жол-600, 700-жолдар)	800	

Бюджетті атқару жөніндегі

уәкілетті органның басшысы \_\_\_\_\_

(қолы) (қолды таратып жазу)

Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның

бюджеттік есепке алу бойынша

құрылымдық бөлімшесінің басшысы \_\_\_\_\_

(қолы) (қолды таратып жазу)

Ескертпе:

аббревиатуралардың толық жазылуы:

ҚБШ - қолма-қол ақшаны бақылау шоты;

РБ - республикалық бюджет;

ЖБ - жергілікті бюджет;

ӘМСҚ - әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры;

ҚР ҰБ - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
Бірінші орынбасары -  
Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің  
2019 жылғы 6 қыркүйектегі  
№ 972 бұйрығына  
4-қосымша  
Бюджеттік есепке алуды  
жүргізу қағидаларына  
20-қосымша  
нысан

(уәкілетті органның атауы)

**Қазынашылықтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде операциялық күннің жабылуы туралы есеп 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_**

Өлшем бірлігі: теңге, тиын

№	Атауы	Жыл басындағы қалдық	Кіретін қалдық	Сальдо	Бар-лық түсімдер	Түсімдер	Қайтарулар	Тасымалдар
A	1	2	3	4	5	6	7	8
1	ҚБАЕО-ның банк көшірме жазбасы бойынша							
2	Барлығы							
3	РБ ҚБШ							
4	ЖБ ҚБШ – жиыны							
5	оның ішінде, облыстар бойынша							
6	РБ	Ақылы қызметтерінің ҚБШ						
		Қайырымдылық көмектің ҚБШ						
		Ақшаларды уақытша орналастыру ҚБШ						
		Нысаналы қаржыландыру ҚБШ						
		Квазимемлекеттік сектор						





13	Еуразиялық экономикалық одақтың шоты							
14	Мемлекеттік сатып алу шоты							
15	Жәбірленушілерге өтемақы қорының ҚБШ							
16	Бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шоты							

**кестенің жалғасы**

№	Атауы	Барлық шығыстар	Шығыстар	Қалпына келтіру	Тарту/ қайтарулар	Ішкі банктік шот бойынша күн соңындағы БҚШ қалдығы	Сыртқы банктік шот бойынша күн соңындағы БҚШ қалдығы	Ішкі және сыртқы шоттар арасындағы ауытқулар
A	1	9	10	11	12	13	14	15
1	ҚБАЕО-ның банк көшірме жазбасы бойынша							
2	Барлығы							
3	РБ ҚБШ							
4	ЖБ ҚБШ – жиыны							
5	оның ішінде, облыстар бойынша							
	Ақылы қызметтерінің ҚБШ							
	Қайырымдылық көмектің ҚБШ							
	Ақшаларды уақытша орналастыру ҚБШ							
	Нысаналы қаржыландыру ҚБШ							

6	РБ	Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоты							
		Сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастау ҚБШ							
		ӘМСҚ трансферттердің ҚБШ							
7	ЖБ	Ақылы қызметтерінің ҚБШ							
		Қайырымдылық көмектің ҚБШ							
		Ақшаларды уақытша орналастыру ҚБШ							
		Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоты							
		Жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ							
8	Ұлттық қордың ҚБШ								
9	ҚР Үкіметінің депозиттері								
10	Уақытша бос бюджеттік ақшалар шоты								
11	Есептердегі ақша								

12	Анықтауға дейінгі сомалар шоты							
13	Еуразиялық экономикалық одақтың шоты							
14	Мемлекеттік сатып алу шоты							
15	Жәбірленушілерге өтемақы қорының ҚБШ							
16	Бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шоты							

Бюджетті атқару жөніндегі

уәкілетті органның басшысы \_\_\_\_\_

(қолы) (қолды таратып жазу)

Ескертпе:

аббревиатуралардың толық жазылуы:

ҚБАЕО - Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы;

ҚБШ - қолма-қол ақшаны бақылау шоты;

РБ - республикалық бюджет;

ЖБ - жергілікті бюджет;

ӘМСҚ - әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
Бірінші орынбасары -  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2019 жылғы 6 қыркүйектегі  
№ 972 бұйрығына  
5-қосымша  
Бюджеттік есепке алуды  
жүргізу қағидаларына  
24-қосымша

### Бюджеттік есепке алу шоттарының жоспары

Шоттар нөмірі	Шоттар атауы	Қосалқы шоттар нөмірі	Қосалқы шоттар атауы
1	Ақшалай қаражат		
		100	Бірыңғай қазынашылық шот
		110	Есеп айырысудағы ақшалар

		120	Шетелдік валюталардың түрлері бойынша корреспонденттік шоттар
2	Қазақстан Республикасының ҰБ орналастырылған қаражат		
		210	БҚШ орналастырылған ҚР ҰБ салымдар (депозиттер)
		220	ЖБ ҚБШ орналастырылған ҚР ҰБ салымдар (депозиттер)
3	Қолма-қол ақшаны бақылау шоттары және ұлттық валютадағы басқа да шоттар		
		300	РБ ҚБШ
		301	ЖБ ҚБШ
		302	Сыртқы қарыздар бойынша шот
		303	Еуразиялық экономикалық одақтың шоты
		304	РБ квазимемлекеттік секторы субъектілерінің шоты
		305	ЖБ квазимемлекеттік секторы субъектілерінің шоты
		306	Жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ
		307	Сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастау ҚБШ
		308	Мемлекеттік сатып алу шоты
		309	ӘМСҚ трансферттердің ҚБШ
		310	РБ ақылы қызметтерінің ҚБШ
		311	ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ
		320	РБ қайырымдылық көмек ҚБШ
		321	ЖБ қайырымдылық көмектің ҚБШ

		330	РБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ
		331	ЖБ ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ
		340	Ұлттық қордың ҚШБ
		350	Н ы с а н а л ы қаржыландыру ҚБШ
		360	Анықтауға дейінгі сомалар шоты
		370	Жәбірленушілерге өтемақы қорының ҚБШ
		371	Бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шоты
		380	ЖБ ҚБШ қаражатты тартуға арналған шоттар
		390	Түсімдердің жинақтау шоттары
4	Шетел валютасындағы шоттар		
		400	Мемлекет меншігіне түсетін түсімдер шоты
		410	Аумақтық қазынашылық бөлімшелерінің шоты
		420	ЕАЭО туралы шарт шеңберіндегі түсімдер шоты
		430	Шетел валютасындағы басқа да шоттар
		440	Сыртқы қарыз немесе байланысты грант шоты
5	Есеп айырысулар		
		500	Шығыстарды жүргізу
		501	ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу
		502	ЖБ қайырымдылық көмектің ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу
		503	ЖБ ақшаларын уақытша орналастыру ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу
		504	Жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ бойынша шығыстарды жүргізу

		510	Сыртқы қарыздар бойынша шығыстарды жүргізу
		520	ЖБ қаражатын орналастыру бойынша есеп айырысулар
		530	ЖБ жетіспеушіліктері бойынша есеп айырысулар
		540	Ішкі есеп айырысулар
6	Түсімдер		
		600	Түсімдерді есепке алу
		601	ЖБ ақылы қызметтерінің ҚБШ бойынша түсімдерді есепке алу
		602	ЖБ қайырымдылық көмектің ҚБШ бойынша түсімдерді есепке алу
		603	ЖБ ақшаларын уақытша орналастыру ҚБШ бойынша түсімдерді есепке алу
		604	Жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ-сына түсімдерді есепке алу
		610	Сыртқы қарыздар бойынша түсімдерді есепке алу
9	Нәтежелер		
		900	Бюджеттің атқарылу нәтижесі
		910	Сыртқы қарыздар бойынша атқарылу нәтижесі
		911	ЖБ ақылы қызметтер бойынша атқарылу нәтижесі
		921	ЖБ қайырымдылық көмек бойынша атқарылу нәтижесі (921)
		931	ЖБ ақшаларын уақытша орналастыру бойынша атқарылу нәтижесі
		941	Жергілікті өзін-өзі басқару бойынша атқарылу нәтижесі
	Баланстан тыс шоттар		
		013	Бюджеттік кредиттер

		014	Бюджеттік кредиттер бойынша субъектілердің берешегі
		015	Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыш, мемлекеттің кепілгерлігі бойынша міндеттемелер
		018	Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резерві
		019	Аккредитивтер

Ескертпе:

аббревиатуралардың толық жазылуы:

ҚБШ - қолма-қол ақшаны бақылау шоты;

РБ - республикалық бюджет;

ЖБ - жергілікті бюджет;

ӘМСҚ - әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры;

ЕАЭО - Еуразиялық экономикалық одағы;

ҚР ҰБ - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
Бірінші орынбасары -  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2019 жылғы 6 қыркүйектегі  
№ 972 бұйрығына  
6-қосымша  
Бюджеттік есепке алуды  
жүргізу қағидаларына  
25-қосымша

### **Бірыңғай қазынашылық шотының негізгі операциялары мен сыртқы қарыздар бойынша қосалқы шоттардың корреспонденциясы**

р/б №	Операциялардың мазмұны	Қосалқы шоттардың нөмірлері	
		дебет бойынша	кредит бойынша
1	2	3	4
1	Ұлттық валютадағы түсімдер		
1.1	Жинақтау шотына арналған түсімдерді есепке алу	390	600
1.2	Бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шотындағы ақша түсімі	371	600

1.3	Бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шотынан аудару	390	371
1.4	РБ, ЖБ, Ұлттық қорының, Жәбірленушілерге өтемақы қорының ҚБШ, анықтауға дейінгі шотқа түсімдерді бөлу	300, 301, 340, 370 360	390
1.5	Сыртқы қарыздар бойынша шотқа түсімдері	302	610
1.6	Ақылы қызметтердің ҚБШ түсімдер	310, 311	600
1.7	Қайырымдылық көмектің ҚБШ түсімдер	320, 321	600
1.8	Ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ түсімдер	330, 331	600
1.9	Нысаналы қаржыландыру ҚБШ түсімдер	350	600
1.10	РБ ҚБШ-на түсімдер тасымалдары	300	600
1.11	РБ ҚБШ-нан түсімдер тасымалдары	600	300
1.12.	Бюджеттен қайтарулар	390	300, 301
1.13.	Анықтауға дейін сомалар шоттан түсімдерді ҚБШ арасында бөлу	300, 301, 340, 310, 311, 320, 321, 330, 331, 303, 308, 309, 370	360
1.14	Еуразиялық экономикалық одақтың шотына түсімдер	303	390
1.15	Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарына түсімдер	304, 305	600
1.16	Жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ түсімдері	306	600
1.17	Сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастау ҚБШ	307	600
1.18	Мемлекеттік сатып алу шоттарына түсімдер	308	600
1.19	ӘМСҚ трансферттердің ҚБШ түсімдер	309	600
2.	Ұлттық валютадағы шығыстар		
2.1	РБ, ЖБ ҚБШ шығыстар	500	300, 301



2.2	Сыртқы қарыздар бойынша шоттар шығыстары	510	302
2.3	Еуразиялық экономикалық одақтың шоттың шығыстары	500	303
2.4	Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарынан шығыстар	500	304, 305
2.5	Жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ-нан шығыстар	500	306
2.6	Сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастау ҚБШ-нан шығыстар	500	307
2.7	Ақылы қызметтердің ҚБШ-нан шығыстар	500	310, 311
2.8	Қайырымдылық көмектің ҚБШ-нан шығыстар	500	320, 321
2.9	Ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ-нан шығыстар	500	330, 331
2.10	Ұлттық қордың ҚБШ-нан Үкіметтің ҚР ҰБ-гі шотына аударылды	500	340
2.11	Бюджетке артық (қате) түскен соманы бюджеттен қайтару, оның ішінде Ұлттық қордан тартылған кепілдендірілген трансферттің бір бөлігін бір жылдың ішінде республикалық бюджеттен Ұлттық қорға қайтару	390	300
2.12	Нысаналы қаржыландырудың ҚБШ-нан шығыстар	500	350
2.13	РБ, ЖБ ҚБШ кассалық шығыстарды қалпына келтіру	300,301	500
2.14	Мемлекеттік сатып алу шоттарынан шығыстар	500	308
2.15	ӘМСҚ трансферттердің ҚБШ-нан шығыстар	500	309
2.16	Жәбірленушілерге өтемақы қорының ҚБШ-нан шығыстары	500	370

3.	Операциялық күнді аяқтау		
3.1	БҚШ бойынша шығыстарды жүргізу	100	500
3.2	БҚШ бойынша түсімдерді жүргізу	600	100
4.	Депозиттерге орналастыру		
4.1	БҚШ-нан депозитке орналастыру	100	210
4.2	ЖБ уақытша бос қаражатын депозитке орналастыру		
4.2.1	ЖБ-тен уақытша бос қаражатты транзиттік шотқа тарту	380	301
4.2.2	ҚР ҰБ-гі депозитке транзиттік шоттан тартылған қаражатты аудару бойынша есептер	520	380
4.2.3	ҚР ҰБ-гі депозитке БҚШ-нан қаражатты есепке алу	100	220
5.	Шетел валютасындағы операциялар		
5.1	Шетел валютасының түсімі	400, 410, 420, 430, 440	120
5.2	Оң бағамдық айырма есептелді	400, 410, 420, 430, 440	120
5.3	Теріс бағамдық айырма есептелді	120	400, 410, 420, 430, 440
5.4	Шетел валютасын аудару (аудару, қайта айырбастау, қолма-қол шетел валютасын беру)	120	400, 410, 420, 430, 440
6	Сыртқы қарыздар бойынша жылдың жабылуы		
6.1	Жылдың аяғында есептен шығару		
6.1.1	қаржы жылындағы түсімдер	610	910
6.1.2	қаржы жылындағы шығыстар	910	510

Ескертпе:

аббревиатуралардың толық жазылуы:

ҚБШ - қолма-қол ақшаны бақылау шоты;

РБ - республикалық бюджет;

ЖБ - жергілікті бюджет;

ӘМСҚ - әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры;

ҚР ҰБ - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі;

БҚШ - Бірыңғай қазынашылық шоты.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК